

Бекітемін:

Ы. Алтынсарин атындағы тірек  
мектеп (ресурстық орталық)  
жанындағы интернат  
директоры Д.Б. Бакаев



**«Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат» КММ**

**2022-2023 оқу жылына арналған психологиялық қызметінің**

**жұмыс жоспары**

## **Психологиялық қызметтің басты мақсаты:**

Оқу- тәрбие үрдісінде педагогикалық-психологиялық заңдылықтарды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушының шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту, психологиялық денсаулығын сақтау.

## **Психологиялық қызметтің міндеттері:**

1. Білім беру жүйесінің барлық қатысушылары оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға қажетті психологиялық көмек беру.
2. Тұлғаның дамуының барлық жас ерекшелік кезеңдерінде оқушылардың зияткерлік, жеке тұлғалық және кәсіби дамуына қолдау көрсету.
3. Оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау.

## **Психологиялық қызмет жұмысының бағыттары:**

- Психодиагностикалық бағыт
- Азартушылық-профилактикалық бағыт
- Психологиялық кеңес беру бағыты
- Түзету-дамытушылық бағыты
- Әлеуметтік-диспетчерлік бағыт

№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Мақсатты топ	Өкізу мерзімі	Есептік формасы	Ескерту
<b>I. Психодиагностика бағыты</b>						
1	<b>Филлипстің мектепке үрейлену деңгейін саралау</b> 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін кешенді зерттеу.	Диагностикалық бағыт	5-сынып оқушылары	Қыркүйек	Қорытынды анықтама	
2	Оқу мотивациясын деңгейін бағалау әдістемесі	Диагностикалық бағыт	5 және 11 сынып оқушылары	Қазан	Қорытынды анықтама	
3	Оқу мотивациясын деңгейін бағалау әдістемесі	Диагностикалық бағыт	7-8 сынып оқушылары	Қараша	Қорытынды анықтама	
4	<b>Басса-Дарки әдістемесі</b> Оқушылардың агрессивтілік деңгейін анықтау	Диагностикалық бағыт	10-11 сынып оқушылары	Қараша	Қорытынды анықтама	
5	<b>Депрессия шкаласы</b> Депрессияны анықтау	Диагностикалық бағыт	7-8 сынып оқушылары	Қаңтар	Қорытынды анықтама	
6	<b>Кейрси сауалнамасы (Keirseu Temperament Sorter)</b> темперамент түрін анықтауға арналған – ең тұрақты жеке сипаттамалардың бірі.	Диагностикалық бағыт	10-11 сынып оқушылары	Ақпан	Қорытынды анықтама	
7	<b>Айзенк тесті</b>	Диагностикалық бағыт	6-9 сынып оқушылары	Ақпан	Қорытынды анықтама	
7	<b>Спилберг-Андреваның мотивация тесті</b> Орта буын оқушыларының оқуға деген мотивация мен эмоционалды қатынасты диагностикалау	Диагностикалық бағыт	8-9 сынып оқушылары	Наурыз	Қорытынды анықтама	
8	<b>Филлипстің мектепке үрейлену деңгейін саралау</b> 5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделуін кешенді зерттеу. <b>II срез</b>	Диагностикалық бағыт	5-сынып оқушылары	Сәуір	Қорытынды анықтама	

№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Мақсатты топ	Өткізу мерзімі	Есептік формасы	Ескерту
9	Жыл бойы жасалған жұмыстарға саралау жасау.	Есеп жасау			Мамыр	Есеп тапсыру
<b>II. Ағартушылық-профилактикалық бағыт</b>						
1	Жылдық, айлық, апталық жұмыс жоспарын құру және бекіту.	-	-	Тамыз	Хаттама	жоспар
2	Педагогикалық ұжымға психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін таныстыру.	Ағарту	Мұғалімдер, Сынып жетекшілер	Тамыз		
3	5-сынып ата-аналарына балаларының орта буынға бейімделуіне психологиялық қолдау көрсету.	Ағарту	5-сынып ата-аналары	Қыркүйек	Хаттама, фото	
4	Қыз балалармен жұмыс. «Қыз қылығымен...»	Әңгіме сағаты	5-9 сынып қыздары	Қазан	Хаттама, фото	
5	Мұғалімдердің «күйіп кету» синдромының алдын алу	Презентация, тренинг	мұғалімдер	Қараша	Хаттама, фото	
6	Ұл балалармен жұмыс. «Елім дейтін ер болса...»	Әңгіме сағаты	5-9 сынып ұлдары	Қазан	Хаттама, фото	
7	Буллинг, кибербуллингтен қалай қорғанамыз?	Тренинг, бейнебаян	6, 7 сынып оқушылары	Қазан	Хаттама	
8	«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» бойынша дәріс	Презентация	Мұғалімдер мен кіші қызметкерлер	Қараша	Хаттама, фото	
9	«Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу және оқыту, олардың дене, психикалық, адамгершілік, рухани даму үшін ата-аналар жиналысын өткізу»	Дәріс	8-сынып ата-аналары	Қараша	Хаттама, фото	
10	«Лудоманияға тәуелділіктен сақтандыру»	Дөңгелек үстел	9 сыныптар	Қараша	хаттама	
11	«Балаларға қатысты қатыгездік, зорлық-зомбылық»	Дебат	8-сынып	Қараша	Хаттама сурет	
12	«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»	Кеңес беру, тренинг	Ата-аналар	Қараша	Хаттама, фото	
13	«ВЕЙП – денсаулыққа өте қауіпті»	Тренинг	8-11 сыныптар	Желтоқсан	Хаттама	
14	«Жеке ойлау стильдері» А.Алексеева	Сауалнама	Мұғалімдер	Қаңтар	Хаттама,	

	Л.Громов						фото
15	«Мен өмірді таңдаймын»	Тренинг	6, 7, 11 сынып	Ақпан	Хаттама		
16	Интернетке тәуелділіктің алдын алу	презентация	5-9 сынып оқушылары, мұғалімдер, ата-аналар	Ақпан	Хаттама, фото		
17	«Зиянды әрекеттердің алдын алу»	Кеңес	6 сынып оқушылары	Наурыз	Хаттама, фото		
18	«Зорлық – зомбылықты бірге жеңеміз»	Тренинг	1-11 сыныптар	Сәуір	Хаттама, фото		

№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Есептілік нысаны	Ескерту
<b>III. Психологиялық кеңес беру бағыты</b>						
1	5-сынып оқушыларының ата-аналарына	Презентация	Ата-аналар	Қыркүйек	Хаттама, фото	
2	Жас мамандарға психологиялық кеңес	Әңгіме сағаты	Жас мамандар	Үнемі	Хаттама, фото	
3	Мектеп бітіруші түлектердің ата-аналарына психологиялық кеңес	Жиналыс	Ата-аналар	Қазан	Хаттама, фото	
4	Буллинг, кибербуллингтің алдын алуға кеңес	Әңгіме сағаты	Оқушылар, ата-аналар, мұғал	Қараша	Хаттама, фото	
5	Зиянды әрекеттердің алдын алуға кеңес	Сынып сағаты	Оқушылар	Желтоқсан	Хаттама, фото	
6	Сауалнамалар мен тест қорытындысы бойынша жеке және топтық кеңес беру	Кеңес беру	Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер -	Үнемі	Хаттама, фото	
7	Сұраныс бойынша топтық және жеке кеңес беру	Кеңес беру	Оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер -	Үнемі	Хаттама, фото	
8	Оқушыларды ҰБТ-ге, олимпиадаға дайындау бойынша пән мұғалімдеріне кеңес	Семинар	Пән мұғалімдері	Үнемі	Хаттама, фото	

№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Есептілік нысаны	Ескерту
<b>IV. Психологиялық түзете-дамытубағыты</b>						
1	Сабақ үлгерімі төмен оқушылармен	Таным процесстерін	5-9 сынып	Үнемі	хаттама	

жұмыс.	зерттеу	оқушылары		
2 Мектептегі тәрбиесі «қиын» балалардың психологиялық даму деңгейін және ығзу себептерін анықт.	«Үй, адам, ағаш» «Өмірде кездеспейтін жануар»	5-9 сынып оқушылары	Сұраныс бойынша	хаттама
3 Девиантты (қиын) оқушылармен жұмыс	«Кактус», «Кішкентай адамдар»	5-9 сынып	Үнемі	хаттама

№	Іс-шаралар	Қызмет бағыттары	Нысаналы топ	Орындалу мерзімі	Есептік нысаны	Ескерту
<b>V. Әлеуметтік-диспетчерлік бағыты</b>						
1	Ерекше білімді қажет ететін оқушыларды анықтап, ПМПК-ға бағыттау	Әңгіме	Ата-аналармен	Үнемі	Хаттама, анықтама	
2	Қауіп-қатер тобына жататын оқушыларды ВОП дәрігерлеріне бағыттау	Оқушылардан алынған әдістемелердің нәтижелері бойынша	Оқушылармен, ата-аналармен	Үнемі	Хаттама, анықтама	
3	Қиын жағдайға тап болған оқушыларды анықтап, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторға бағыттау.	Бақылау, әңгіме	Оқушылармен, ата-аналармен	Үнемі	Хаттама, фото, акт	

## Ы. Алтынсарин атындағы (РО) мектеп жанындағы интернат педагог-психологтың 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған жұмысы туралы талдау есебі

### Психологиялық қызметтің басты мақсаты:

Оқу- тәрбие үрдісінде педагогикалық-психологиялық заңдылықтарды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушының шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту, психологиялық денсаулығын сақтау.

### Психологиялық қызметтің міндеттері:

1. Білім беру жүйесінің барлық қатысушылары оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға қажетті психологиялық көмек беру.

2. Тұлғаның дамуының барлық жас ерекшелік кезеңдерінде оқушылардың зияткерлік, жеке тұлғалық және кәсіби дамуына қолдау көрсету.

3. Оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық мүмкіндіктерін анықтау.

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты:

Мектептегі оқушы саны – 386

Ерекше білімді қажет ететін оқушы саны – 6


Көп балалы отбасынан шыққан балалар саны –204

Аз қамтылған отбасынан шыққан балалар саны- 63


Тұл жетім – 1

Мектепшілік есепте тұрған оқушы – жоқ

Қыркүйек айында оқушылардың мектепке келген оқушылардың, 5 сынып орта буынға бейімделуін анықтау мақсатында Филлипстің мектепке үрейлену деңгейін саралау әдістемесі алынды. Әдістемеден қалыс қалған оқушы болған жоқ. Сынып жетекшілері: А.Бауыржанқызы, А. Абдрахманқызы. Алынған әдістеменің қорытынды анықтамасы бойынша жоғары, ортадан жоғары алаңдаушылық оқушы анықталған жоқ.





7-11 сынып оқушыларының арасында темперамент типін анықтау мақсатында Г.Айзенктің сауалнамасы алынды. Шкала темперамент түрлері-сангвиник, флегматик, холерик, меланхолик.





Ағартушылық – профилактикалық бағыт.

Педагогикалық ұжымға және сынып жетекшілерге психологиялық қызметтің 2022 – 2023 оқу жылының жұмыс жоспары, мақсаттары мен міндеттері таныстырылды.



Кәсіби бағдар бойынша 7-11 сыныптар бойынша тесттер алынды.



Қыркүйек айында «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 25.08.2022 жылдың №377 бұйрығына сүйене отырып, жалпы ата – аналар

жиналысы өтті. Қатысқан ата-аналар саны – барлық ата-ана келісімін берді. (келіспеген ата-ана болған жоқ).



Әр айда мектебімізде ұлдар, қыздар жиналыстары өткізіліп тұрады. «Ерте жүктіліктің салдары», «Мен және менің ортам», «Қыздарға әсемдік жарасады», «Жігітке жеті өнер де аз» тақырыптарында ДТЖ орынбасары мен мектеп медбикесі және де ИДН қызметкерлерімен өткізіліп тұрады.


Буллинг, кибербуллингтен қалай қорғанамыз?, «Интернетке тәуелділіктің алдын алу», «Түрлі қауіпті ойындар», «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ», «Зиянды заттарға жол жоқ» алдың алу жұмыстары жоспар бойынша жүргізіліп отырады.



Буллинг, кибербуллингтен қалай қорғанамыз?, «Интернетке тәуелділіктің алдын алу», «Түрлі қауіпті ойындар», «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ», «Зиянды заттарға жол жоқ» алдың алу жұмыстары жоспар бойынша жүргізіліп отырады.



Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша мектепте мұғалімдер, ата-аналар және жасөспірімдерге арналған дәрістері өткізілді.



**Мақсаты:** жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту, деструктивті мінез-құлығының алдын-алу.

Осы тақырып аясында мектеп бойынша мектеп қызметкерлері-40, кіші қызметкерлері-15, ата-аналар-43 оқытылды. Педагог-психолог Жақсыбекова А.К. бұл бағдарлама қазіргі қоғамда, жалпы дүниежүзінде жасөспірімдердің психикалық күйі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жасөспірімдердің күнделікті тыныс-тіршілігін қадағалап отыру, отбасымен байланыста болу, оқушының эмоционалдық көңіл-күйін үнемі бақылауда ұстау, олардың өмір қауіпсіздігі жайлы айтып кетті. Мектебіміздің «Суицид превенциясы» бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мақсаты: жан-жақты білімді, іскер, өзіндік ойлау жүйесі дамыған адамгершілігі жоғары, дені сау, барынша қабілетті жанды қалыптастыру. Қараша айында тех персоналды, вахтерларды жинап арнайы осы бағдарлама бойынша дәріс сабақтар өткізілді.

Сондықтан осы бағдарламаны сіз болып, біз болып жүзеге асыруымыз керек. Суицид – психологиялық құбылыс. Оны түсіну үшін өзіңе қол жұмсаған баланың

рухани жағдайын түсінуіміз керек. Психологиялық тұрғыдан санасы әлі пісіп жетілмеген жасөспірім өзіне-өзі қол жұмсау арқылы «өз мәселемді шешемін, бұл мен үшін қиындықтардан, дағдарыстардан шығудың жолы»деп ойлайтындығын ескерсек, суицидті кездейсоқ әрекет ретінде санауға болмайды. Өзіне-өзі қол жұмсау талпынысы – өз қайғысына назар аударту немесе айналасындағылардың ниеттестілігін қалау ниетімен байланысты «көмек туралы жан айқайы» деп атап өтті. Бала өзіне қол жұмсау арқылы ата-аналарымен, педагогтермен, құрдастарымен, өзімен дауласуда соңғы дәлелге жүгінеді. Ол өлімді уақытша жай-күй ретінде елестетеді: ол есімді жинаймын және қайтадан өмір сүремін деп ойлайды. Ол өзі үшін төзімсіз жағдайда өлуге ниет білдіреді, ал шын мәнінде ол айналасындағылармен қарым-қатынасты реттегісі ғана келеді. Осыдан кейін жәбірлеушілермен қайтадан тату-тәтті өмір сүріп кетемін деген аңғал сенімболады. Балалық кезеңде суицидалды мінез-құлық жағдаяттық-тұлғалық әсерлену сипатында болады, көңіл-күйінің жиі өзгеруі, албырттық, уайымдау, ызакорлық, қорқыныш, өзін немесе өзгені жазалауға ұмтылу осы әрекетке түрткі болады. Бала өзіне-өзі қол жұмсауды өз қалауымен емес, күйзелістік жағдаяттан немесе жазалаудан құтылудың жолы деп санайды. Жиі суицидтік мінез-құлық басқа проблемалармен жалғасады, мысалы, басқалардан оқшауланады, жаны жалғыздықты қалайды, мектепке бармайды немесе жүрген ортасында жиі жанжал шығарады. Суицидтік мінез-құлық пайда болғанда жанын жиі үрей билейді және қайғыру, балаларға тән емес әлсіздік, ұйқының және тәбеттің бұзылуы, салмақтың төмендеуі және соматикалық шағымдар, сәтсіздіктер және оқуға деген қызығушылықтың жоғалуы, өзін жабырқау және жеккөрінішті сезінуі, өзін-өзі шамадан тыс сынау, тұйықтық, мазасыздық, агрессивтілік,төзімділіктің төмен болуы байқалады.



Егер сіз осы суицидтік әрекет үстіндегі жасөспірім оқиғасына тап болдыңыз делік, сондағы сіздің әрекетіңіз қандай болмақ? Дәл осы сәтте ол жасөспірімге қандай ақыл айтсаң да, әсер етпейді. Мысалы мен ең алдымен оның әрекетінің себебін сұраған болар едім. Себебін білгеннен кейін ғана қолымнан келгенше, оған өз тарапымнан қолдау көрсетемін. Бұл жерде бастысы жасөспірімнің өмірін сақтап қалу маңызды деген ойлар туындады.



Мектеп бойынша «Жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту, деструктивті мінез-құлықтың алдын-алу» бағдарламасы бойынша жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Сол кезде балаңызға қандай көмек көрсетер едіңіз? Деген сұрақтар қою барысында ата-аналардың жауабы тыңдалды.

Мен балама психикалық диагноз қоя алмаймын, сондай-ақ қиындығының себебін анықтай алмаған да болар едім. Сондықтан менің айтарым, әрбір ата-ана баласының психологиялық денсаулығы үшін арнайы маманның кеңесін алып отырғаны жөн.



Психологиялық- педагогикалық сүйемелдеудің міндеттері:

- Оқушы дамуында қиыншылықтардың туындауының алдын алу;
- Оқушының дамуындағы, оқуындағы қиыншылықтар, білім алу және кәсіби бейімділікті таңдау қиыншылықтар, эмоционалдық-ерік сферасының

сыныптағы құрбыларымен, мұғалімдермен, ата-аналарымен қарым-қатынас проблемасы;

- Білім беру бағдарламаларының психологиялық қамтамасыз ету;
- Зорлық-зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасауға көмек беру.

Мамандықты дұрыс таңдауға байланысты 8-11 сыныптар арасында Климов, әр оқушыға қорытынды жұмыстары жасалды. Арнайы сынып жетекшілерге қорытынды беріледі, баланың қай мамандыққа жақын екенін жобалап осы сауалнама арқылы көруге болады, ата-аналарына да айтсаныздар да болады. Бұл бірақ нақты шешім емес, үйткені баланың жыл сайын ойы, көзқарасы, қызығушылығы өзгеріп отырады.

5 – 9 сынып оқушылары арасында «Буллинг дегеніміз не?» тақырыбында әңгімелесу, сұрақ жауап жұмыстар жүргізілді. Жоғарғы сынып оқушыларымен «Мектептегі буллинктің алдын алу» бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізіліп, видеокөрсетілім көрсетілді.

«Жасөспірім ортасындағы қатыгездіктің алдын алу» тақырыбында мұғалімдерге, ата-аналарға түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Мақсаты: жасөспірімдер ортасындағы қатыгездіктің алдын алу бойынша жалпы мектеп және отбасының бірлескен жұмысының негізгі құралдарымен және әдістерімен таныстыру.



11 класс оқушыларымен “Сенім-менің серігім” тақырыбында тренинг сабақ өткізілді. Оқушылардың бір-біріне деген сенімді қарым-қатынас жасауы туралы түсініктерін кеңейту..

береді” тақырыптарында психологиялық қолдау сабақтары жүргізілді.

11 класс оқушыларына ҰБТ туралы кеңес жүргізілді, баяндама оқылды, “Бақыттың кілті байлықта емес” тақырыбында психологиялық тренинг сабақ жүргізілді. Оқушыға өз өмірінің субъектісі екеніне көзін жеткізуге көмек жасалды. ҰБТ-ны тапсыру.

Осы ретте ойымды қорытындылай келе, аталған мәселені шешуде ересектердің, оның ішінде, педагогтардың, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілік сезімдерін, байқампаздығын, баламен жылылық қарым-қатынасын күнделікті өмірдің басты ұстанымы ретінде қарауымыз қажет. Себебі, кәмелетке толмағандардың өміріне, балалық шағының әрбір кезеңіне, оның тұлғалық қалыптасуына, әлеуметтенуіне, өмірден өз орын табуына әркез ересектер жауапты екендігін естен шығармағанымыз абзал.

### **Қорытынды бойынша реттелген жұмыстар:**

1. Оқу жылы бойынша жаңадан келген балаларды тіркеу жұмысы жүргізілді.
2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен профилактикалық жұмыстар жүргізілді
3. Сынып жетекшісінің сұрауы бойынша тәрбие жағынан қиындық тудыратын оқушылармен кеңес беру жұмысы жүргізіліп, тіркеу журналына уақытында тіркеліп отырды.

Артықшылықтары :

Осы 2022 - 2023 оқу жылы бойынша жылдық жұмыстардың көпшілігі аталған жоспарға сәйкес жүргізілді.

Орындаған: педагог- психолог Жақсыбекова А.К.